

Ф.07.02-09

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
М.ӘУЕЗОВ атындағы ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

6B09111-Ветеринарлық медицина

Тіркеу номері	6B09100019
Білім беру саласының коды мен жіктелуі	6B09 - Ветеринария
Даярлау бағыттарының коды мен жіктелуі	6B091 - Ветеринария
Білім беру бағдарламаларының (БББ) тобы	B083-Ветеринария
БББ түрі	қолданыстағы
ББХСЖ бойынша деңгейі	6
ҰБШ бойынша деңгейі	6
СБШ бойынша деңгейі	6
Оқыту тілі	қазақ, орыс
БББ көлемі	300 кредит
Білім беру бағдарламасының айрықша ерекшеліктері	-
Серіктес-ЖОО (ҚББ)	-
Серіктес-ЖОО (ҚДББ)	-

Шымкент 2023

Құрастырушылар:

Т.А.Ә.	қызметі	Қолы
Күзәрбаева А.Т.	«Ветеринарлық медицина» кафедрасының меңгерушісі философия докторы (PhD)	
Қожабаев М.	«Ветеринарлық медицина» кафедрасының профессоры б.ғ.д.	
Түлеметова С.Е.	«Ветеринарлық медицина» кафедрасының доценті, а.ш.ғ.к.	
Курбанова А.С.	«Ветеринарлық медицина» кафедрасының аға оқытушысы, б.ғ.м.	
Нурходжаев Н.	«Ветеринарлық медицина» кафедрасының оқытушысы, в.ғ.м.	
Білім алушының Т.А.Ә.	Тобы	
Абдирахман А.Е.	АП-19-8тк тобының студенті	
Исабаева А.К.	АП-20-8к1 тобының студенті	
Жұмыс берушінің Т.А.Ә.		М.О.
Қалтаев А.Ж.	ҚР АШМ ветеринарлық бақылау және қадағалау комитеті «Республикалық ветеринарлық зертхана» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының, Оңтүстік Қазақстан өңірлік филиалы директорының орынбасары	
Мергенбоев Ж.Б.	МКК Шымкент қалалық «Ветеринариялық қызмет» директоры м.а.	
Тоғанаев Ж.	«Оңтүстік Қазақстан ғылыми зерттеу ветеринарлық станция» директоры	
Қапалбаев Қ.З.	ЖШС «Нұр-Ай 5» директоры	
Ермаханов М.Н.	«Оңтүстік - Батыс мал және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» түйе шаруашылығы секторының меңгерушісі	

Білім беру бағдарламасы «Ауыл шаруашылығы, биоресурстар және ветеринария» саласы бойынша академиялық комитет мәжілісінде қаралды,

« 14 » 02 20 23 ж. № 3 хаттама.

АК төрағасы Елибаева Г.И.

М.Әуезов атындағы ОҚУ Оқу-әдістемелік Кеңесінің мәжілісінде талқыланып, бекітуге ұсынылды,

« 22 » 02 20 23 ж. № 4 хаттама.

ОӘК төрағасы Абишева Р.Д.

Университет Ғылыми Кеңесінің шешімімен бекітілді

« 23 » 02 20 23 ж. № 13 хаттама.

1. БАҒДАРЛАМАНЫҢ КОНЦЕПЦИЯСЫ

<p>Университет миссиясы</p>	<p>Жаңа құзыреттіліктерді қалыптастыру, зерттеу және кәсіпкерлік ойлау мен мәдениетті тарататын көшбасшыны дайындау</p>
<p>Университет құндылықтары</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Ашықтық – өзгерістерге, инновацияларға және ынтымақтастыққа ашық. • Шығармашылық – идеяларды тудырады, оны дамытады және құндылықтарға айналдырады. • Академиялық еркіндік – таңдау, даму және әрекет ету еркіндігі. • Серіктестік – барлығы жеңетін қарым-қатынаста сенім мен қолдауды қалыптастырады. • Әлеуметтік жауапкершілік – міндеттемелерді орындауға, шешімдер қабылдауға және олардың нәтижелері үшін жауапты болуға дайын.
<p>Түлек үлгісі</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Терең пәндік білім, оны кәсіби қызметте қолдану және үнемі кеңейту. • Ақпараттық және цифрлық сауаттылық және жылдам өзгеретін ортадағы ұтқырлық. • Зерттеу дағдылары, шығармашылық және эмоционалдық интеллект. • Кәсіпкерлік, тәуелсіздік және өз қызметі мен әл-ауқатына жауапкершілік. • Жаһандық және ұлттық азаматтық, мәдениеттер мен тілдерге төзімділік.
<p>БББ бірегейлігі</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Стейкхолдерлердің талаптарын ескере отырып түзетілген түлектің кәсіби құзыреттерін қалыптастыру арқылы өңірлік еңбек нарығына және әлеуметтік тапсырысқа бағдарлану. • Практикаға бағдарлану және сыни ойлау мен іскерлікті дамытуға, кез келген өмірлік жағдайда функционалдық сауатты және бәсекеге қабілетті болуға және еңбек нарығында сұранысқа ие болуға мүмкіндік беретін кең ауқымды дағдыларды қалыптастыруға аса назар аудару.
<p>Академиялық адалдық және этика саясаты</p>	<p>Университетте академиялық адалдық пен академиялық еркіндікті сақтау, кез келген төзімсіздік пен кемсітушіліктен қорғау шараларын қабылданған:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Академиялық адалдық ережелері (Ғылыми кеңестің 2018 жылғы 30 қазандағы № 3 хаттамасы); • Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт (Бұйрық № 373 н/қ, 27.12.2019 ж.). • Әдеп кодексі (Ғылыми кеңестің 2020 жылғы 31 қаңтардағы № 8 хаттамасы).
<p>БББ әзірлеудің нормативтік-құқықтық негіздері</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы; 2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 30 қазандағы No 595 бұйрығымен және 29.12.2021ж №614 өзгерістер мен толықтыруларымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары; 3. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі

	<p>білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары;</p> <p>4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі No 152 бұйрығымен бекітілген Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережесі;</p> <p>5. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы No 553 бұйрығымен бекітілген Басшылар, мамандар және басқа да қызметкерлер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы.</p> <p>6. ECTS қолдану бойынша әдістемелік нұсқаулар.</p> <p>7. Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығы директорының 2021 жылғы 30 маусымдағы № 45 о/д бұйрығына 1-қосымша Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі нұсқаулық.</p>
Білім беру процесін ұйымдастыру	<ul style="list-style-type: none"> • Болон процесінің принциптерін жүзеге асыру • Студентке бағытталған оқыту • Қол жетімділік • Инклюзивтілік
БББ сапасын қамтамасыз ету	<ul style="list-style-type: none"> • Сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесі • Стейкхолдерлерді БББ әзірлеуге және оны бағалауға тарту • Жүйелі мониторинг • Мазмұнды өзектендіру (жаңарту)
Оқуға түсушілерге қойылатын талаптар	<p>Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес ҚР БҒМ 31.10.2018 жылғы №600 бұйрығы</p>
Мүгедектігі және ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларға арналған білім беру бағдарламаларын іске асыру шарттары	<p>Ерекше білім беруді қажеттетін және мүмкіндігі шектеулі білім алушылар үшін оқу ғимараттары мен студенттік жатақханаларда тактильді ПВХ плиткалары, арнайы жабдықталған дәретханалар, мнемоникалық схемалар, душ бөлмелерінде штангалар орнатылған. Автотұрақта арнайы орындар жасалған. Шынжыр табанды көтергіш орнатылған. Қозғалысы шектеулі адамдарға (ҚША) арналған үстелдер, қозғалыс бағытын көрсететін белгілер, пандустар қойылған. Оқу корпустарында (бас ғимарат, № 8 ғимарат) тірек-қимыл аппараты (ТҚА) бұзылыстары бар пайдаланушылар үшін бейімделген алты жұмыс орны бар 2 бөлме жабдықталған. Көру қабілеті нашар пайдаланушылар үшін SARA™ CE машинасы (2 дана) кітаптарды сканерлеу және оқу үшін қолжетімді. Кітапхананың веб-сайты нашар көретіндерге бейімделген арнайы NVDA аудио бағдарламасы қызмет көрсетеді. ББАО сайты http://lib.ukgu.kz/ тәулік бойы жұмыс істейді.</p> <p>Оқу процесін ұйымдастыруда және сабақтардың барлық түрлерінде жеке сараланған тәсіл қарастырылған.</p>

2. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

БББ мақсаты	жануарлардың ауруларын диагностикалау емдеудің заманауи әдістерін меңгерген, жұмыс берушілердің талаптарын қанағаттандыратын еңбек нарығының бәсекелестігіне дайын, кәсіби қызметіне қабілетті ветеринар мамандарды даярлау
БББ міндеттері	<p>-қоғамда әлеуметтік-жауапкершіліктік тәртіпті қалыптастыру, кәсіби әдеп нормаларын түсіне білу және оны сақтау;</p> <p>- бүкіл өмір бойы оқуды жалғастыруға мүмкіндік беретін, кәсіби мансапта кездесіп отыратын барлық өзгермелі жағдайларға бейімделе алатын базалық бакалавр дайындығын қамтамасыз ету;</p> <p>-жалпы жоғары интеллектуалдық даму деңгейіне жету үшін жағдай жасауды, сауатты, әрі жетік сөйлей білуді, ойлау мәдениеті мен ветеринария саласында еңбекті ғылыми ұйымдастыру дағдыларымен қамтамасыз ету;</p> <p>- интеллектуалдық, физикалық, рухани, эстетикалық жағынан дамуы, олардың мамандық бойынша жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін қамтамасыз ету үшін немесе келесі оқу деңгейлерінде оқуын жалғастыруларына жағдай жасау.</p>
БББ үйлесімділігі	<ul style="list-style-type: none"> • Қазақстан Республикасының Ұлттық біліктілік шеңберінің 6-шы деңгейі; • 6 -шы біліктілік деңгейінің Dublin Descriptors; • Еуропалық жоғары білім кеңістігі біліктілік шеңберінің 1-ші циклі (A Framework for Qualification of the European Higher Education Area); • Өмір бойы білім алудың Еуропалық біліктілік шеңберінің 6-деңгейі (The European Qualification Framework for Life long Learning).
БББ кәсіби саламен байланысы	<p>Ветеринарлық қызметтің кәсіби стандарттары (01.21.2014ж. № 20/39) және 2018 жылғы 31 қазандағы стандарт.</p> <p>Мал өсірудің кәсіби стандарттары («Түйені сүт бағытында өсіру», «Ірі қараны сүт бағытында өсіру», «Қой мен ешкілерді өсіру» және «Құс өсіру»). бастап 26.12.2013 ж №263 Жер бетіндегі жануарлардың денсаулығы туралы кодекс, I және II тақырыптар, жиырма сегізінші басылым, 2019 ж ХЭБ-ның ұсыныстары «Ұлттық ветеринарлық ұйымдарда сапалы жұмыс жасауды қамтамасыз ету мақсатында ветеринария факультеттерін бітірушілерге қойылатын біліктілік талаптары туралы нұсқаулық.</p>
Берілетін дәреженің атауы	Осы БББ сәтті аяқтағаннан кейін бітірушіге «БВ09111 Ветеринарлық медицина » білім беру бағдарламасы бойынша <u>ветеринария маманы</u> беріледі.
Біліктілік пен лауазымдар тізімі	Біліктілік анықтамасындағы басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдары Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрінің 2020 жылдың 30 желтоқсандағы № 553 бұйрығымен бекітілген
Кәсіби қызмет саласы	- әртүрлі бағыттары мен меншік нысандарында

	<p>өсірілетін жануарлардың, құстар мен балықтардың жұқпалы емес, инвазиялық және індетті ауруларын диагностикалау;</p> <ul style="list-style-type: none"> - емдеу және алдын-алу; адамдарға және жануарларға тән аурулардың алдын алу (антропозооноз); - ауру жануарлар мен өлі жануарлар арқылы жұғатын ауру қоздырғыштарынан қоршаған ортаны қорғау саласы.
Кәсіби қызмет нысандары	<ul style="list-style-type: none"> - ауылшаруашылығы өндірісі саласына жататын шаруашылықтардың барлық түрлері; - көлік, цирктер, ипподромдар, мемлекеттік қызмет, асыл тұқымды бірлестіктер; - ветеринарлық емдеу орындары, дәріханалар, лабораториялар, хайуанаттар бағы, қорықтар, ет комбинаттары; - биологиялық комбинаттар және басқа да биологиялық белсенді заттарды даярлайтын және олардың сапасын бақылайтын кәсіпорындар; - мемлекеттік ветеринарлық қызмет мекемелері; - ветеринарлық, биологиялық бағыттағы оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттары; - әскери ветеринарлық қызмет; - білім беретін оқу мекемелері
Кәсіби қызмет пәні	<p>ауыл шаруашылық малдың, құстың, балықтың барлық түрлері, ауруларды балау, емдеу және алдын алу үшін қолданылатын құрал-жабдықтар, приборлар, медикаменттер, биопрепараттар, химиялық реактивтер, биологиялық белсенді заттар, диагностикалық құралдар, макро және микропрепараттар, мал өнімдері, сабақ өткізуге қажетті техникалық құралдар; ғылыми жұмыс жүргізуге қажетті құрал-жабдықтар, мал азығы, мал өрісі, су көздері.</p>
Кәсіби қызмет түрлері	<ul style="list-style-type: none"> - технологиялық-ұйымдастырушылық; - өндірістік-басқарушылық; - емдеу; - ғылыми- жобалау; <p>Техникалық-ұйымдастырушылық саласында ауру мал мен құстарға жалпы клиникалық және лабораториялық тексеру жүргізуді, оның ішінде, ветеринарлық лаборант маманы ретінде; ауылшаруашылық малдары мен құстарының жұқпалы және жұқпалы емес ауруларын, улануларын, олардың этиологиясын, патогенезін және лабораториялық зерттеу қорығандыларын негізге ала отырып, тірі және өлгеннен кейінгі ажыратып балауды; барлық малдар мен құстарда кездесетін ауруларға емдеу әдістерін белгілеуді және емдеу жұмыстарын жүргізуді; мал өнімдерін ветеринарлық санитарлық сараптау жүргізуді;</p> <p>Өндірістік-басқарушылық саласында Қазақстан Республикасы территориясында "Ветеринария туралы заңды" сақтауды, бақылауды, ветеринарлық қызметкерлер мен мал шаруашылығы саласында жұмыс істейтін басқа тұлғаларды малмен, құспен жұмыс істегенде техникалық қауіпсіздік ережелерін үйрету және оны бақылау; биологиялық белсенді заттармен қосындыларды, мал өнімдері мен өсімдік тектес өнімдерді өндіру және</p>

	<p>тарату барысында ветеринарлық санитарлық ережелердің сақталуын бақылау;</p> <p>Емдеу саласында;</p> <p>инфекциялық, инвазиялық және жұқпалы емес ауруларды емдеу мен алдын-алуды ұйымдастыру және бақылау, дәрілік шикізаттардың, дәрі-дәрмектер мен биологиялық препараттардың; вакциналар, сарысулар, диагностикумдар және басқа биологиялық белсенді заттар мен қоспалардың өндірісі мен қолданылуын бақылау; дәрілік заттардың маңызы, олардың жануарлар ауруларының алдын-алу және емдеу, олардың өнімділігін жоғарылату үшін әсер ету механизмін зерттеу</p> <p>Ғылыми- жобалау саласында</p> <p>ветеринарлық және биологиялық бағыттардағы ғылыми зерттеу мекемелерінде эксперименттер, ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу;</p> <p>ветеринарлық емдеу мекемелерін, лабораторияларын, дәріханаларын, мал, құс қораларын салуға қатысып, қажетті жоба-құжаттарын дайындау.</p>
<p>Оқыту нәтижелері</p>	<p>ОН1 Академиялық адалдықтың принциптері мен мәдениетін түсіне отырып, кәсіби ортада және қоғамда қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде еркін қарым-қатынас жасау</p> <p>ОН2 Дүниетанымдық, азаматтық, рухани және әлеуметтік жауапкершілікті, қалыптастыру негізінде әлеуметтік-мәдени, кәсіби дамуды, ғылыми және эксперименттік зерттеулердің әдістерін көрсету</p> <p>ОН3 Ақпараттық және есептеу сауаттылығы болуы тиіс, ақпараттарды жалпылау, талдау және қабылдай алу, мақсат қою және оған жету жолдарын таңдай білу.</p> <p>ОН4 Жануарлардың, құстардың анатомиясы мен физиологиясын, ағзалардың микроскопиялық және химиялық құрылымын, ветеринарлық терминологияны білу.</p> <p>ОН5 Аурудың дамуы мен нәтижесін; патанатомиялық сойып-жару әдістерін, консервілеу және патологиялық материалды жөнелтуді білу.</p> <p>ОН6 Зоогигиеналық, профилактикалық және ветеринарлық-санитарлық іс-шараларды жоспарлау, малды күтіп-бағу, азықтандыру және мал басын көбейту</p> <p>ОН7 Емдеуге арналған препараттарды таңдау, дәрілік заттар мен улы заттарды қолданудың оңтайлы тәсілдерін анықтау, биологиялық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету.</p> <p>ОН8 Терапиялық, хирургиялық және акушерлік-гинекологиялық процедуралар мен әртүрлі этиологиялы аурулары бар жануарларды емдеу үшін манипуляциялар жүргізу.</p> <p>ОН9 Бактериологиялық, вирусологиялық, иммунологиялық зерттеулер жүргізу, жануарлар мен құстардың инфекциялық, инвазиялық ауруларын диагностикалау, емдеу және алдын-алу</p> <p>ОН10 Салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында жануарлардан, құстардан, өсімдіктерден алынатын өнімдер мен шикізаттардың қауіпсіздігі мен сапасына инспекциялық</p>

	<p>және ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізу</p> <p>ОН11 Жануарлардың ақпараттық мәліметтер базасын пайдалана отырып, ветеринариялық қызмет пен менеджментті, шекарадағы ветеринариялық қадағалауды ұйымдастыру жұмыстарын жоспарлау</p> <p>ОН12 Анықталмаған белгісіздік жағдайында зерттеу, кәсіпкерлік және кәсіби дағдыларын қолдану</p>
--	---

3. ББ бітіруші түлегінің құзыреттіліктері

Жалпы құзыреттіліктер (SOFTSKILLS): Мінез-құлық дағдылары және тұлғалық құзыреттіліктер	
1.Өзінің жеке сауаттылығын басқарудағы құзыреттіліктер (өзіндік үйрену және жүйелі ойлау, трансәртіптілік, кроссфункционалдылық)	ЖҚ 1.1. ұғымдарды, ой, сезім, фактілер мен пікірлерді жазбаша және ауызша түрде (тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу) білдіру және түсіну қабілеті ЖҚ 1.2. оқу кезінде, жұмыста, үйде және бос уақытында лингвистикалық және шығармашылық тұрғыдан жан-жақты қоғамдық және мәдени контексттегі түрде меңгеру қабілеті ЖҚ 1.3. Қазіргі әлемдегі ұтқырлық және сыни ойлау қабілеті.
Тілдік құзыреттілік	ЖҚ 2.1. шет тіліндегі коммуникациялардың негізгі дағдыларын–кәсіби саладағы ұғымдар, фактілер мен пікірлерді тиісті әлеуметтік және мәдени контексте ауызша және жазбаша түрде (тыңдау, сөйлеу, оқу, жазу)түсіну, білдіру және түсіндіру дағдыларын, медиация және мәдениет аралық түсінік дағдыларын меңгеру қабілеті;
Математикалық компетенция және ғылым саласындағы құзіреттіліктер	ЖҚ 3.1. математикалық, жаратылыстану-ғылыми, техникалық пәндерді оқытуда білім беру әлеуетін, тәжірибесі мен жеке қасиеттерін қолдана білуге дайын болу және меңгеру, кәсіби міндеттерді шешуде бақылау және бағалау тәсілдерін айқындау, математикалық және жаратылыстану-ғылыми жағынан ойлауды дамыту қабілеті;
Сандық компетенция және технологиялық сауаттылық	ЖҚ 4.1. жұмыста, бос уақытта және коммуникацияларда заманауи ақпараттық және сандық технологияларды сенімді, әрі сыни тұрғыда пайдалану, оларды қолдануда, қалпына келтіру, бағалау, сақтау, өндіру, таныстыру және компьютер арқылы ақпарат алмасу дағдыларын меңгеру, кәсіби қызмет саласында интернет арқылы ынтымақтас желілерде қарым-қатынас жасау және қатысу қабілеті;
Жеке, әлеуметтік және оқу құзыреттіліктері	ЖҚ 5.1. қоғамдық пікірге, дәстүрлер, салттар, нормаларға негізделген әлеуметтік-этикалық құндылықтарды меңгеру және оларға өзінің кәсіби қызметінде сүйене білу қабілеті ЖҚ 5.2. Қазақстан халықтарының мәдениетін білу және олардың дәстүрлерін сақтауға бағытталу; Қазақстанның құқықтық жүйесінің негіздерімен заңнамасын білу; қоғамның әлеуметтік даму үрдістерін білу; ЖҚ 5.3 түрлі әлеуметтік жағдайларда жұмыс істей білу; мәмілеге келе білу, өз пікірін ұжым пікірімен сәйкестендіре білу; іскери әдеп нормаларын, әдеп және құқықтық нормаларды меңгеру; ЖҚ 5.4. кәсіби өсу және жеке тұлға ретінде дамуға талпыну; командамен жұмыс жасай білу, өз көзқарасын жетік дәлелдей алу, жаңа шешімдер ұсына білу; басқа индивидтарға қатысты толеранттылық таныта білу қабілеті.
Кәсіпкерлік құзыреттіліктері	ЖҚ 6.1. сыни ойлау, интерпретация, талдаудың

	<p>креативтілігін, қорытынды шығару, бағалау дағдыларын меңгеру;</p> <p>ЖҚ 6.2. кәсіби міндеттерге қол жеткізу үшін жобаларды басқару, персоналды басқара білу,</p> <p>ЖҚ 6.3. кәсіпкерлік дағдыларын көрсете білу қабілеті.</p>
Мәдени хабардар болу және өзін таныту қабілеттіліктері	<p>ЖҚ 7.1. Қазақстан халқының дәстүрі мен мәдениетін білу және түсіну, әлемнің басқа халықтарының дәстүрі мен мәдениетіне толерантты болу, толеранттылықта төзімділік таныту, жоғары рухани қасиеттерге ие бола білу, зиялы адамретінде қалыптасу қабілеті.</p> <p>ЖҚ 7.2. сыни ойлай білу, түсіндіру, шығармашылық талдау, қорытынды шығару, бағалау дағдыларын меңгеру; креативті және белсенді өмірлік позициясы бар болуы; кәсіби сипаттағы тәуекел және белгісіздік жағдайларда шешім қабылдай алу қабілеті.</p>
Кәсіптік құзыреттіліктер (HARDSKILLS) Дайындаудың осы бағыты үшін тиісті, арнайы теоретикалық білімдер және тәжірибиелік дағдылар, қабілеттер	
Дайындаудың осы бағыты үшін тиісті, арнайы теоретикалық білімдер және тәжірибиелік дағдылар, қабілеттер	<p><i>КҚ1</i> ауыр, асқынған және (немесе) өлімге әкеп соғатын жас және жаңа туылған төлдердегі жиі кездесетін аурулар мен індеттердің негізгі терапевтік шараларын орындау дағдыларын игеру қабілеті: жүйке, эндокриндік, иммундық, жүрек-тамыр, тыныс алу, асқорыту, қан айналу, зәр шығару жүйелерінің патологиялары</p>
	<p><i>КҚ2</i> қажетті диагностикалық, терапевтік, хирургиялық және акушерлік-гинекологиялық шараларды жүзеге асыруға дағдыландыру; асептикалық және антисептикалық әдістерді білу және оларды қолдану қабілеті;</p>
	<p><i>КҚ3</i> жұқпалы және инвазиялық ауруларды, улану және радиациялық жарақаттарды диагностикалау және алдын-алу, ветеринариялық санитария әдістерін және шаруашылықтарды сауықтырушараларын енгізу міндеті</p>
	<p><i>КҚ4</i> өлген малдың өлексесінің және өлген мал органдарын ветеринариялық-санитариялық сараптау кезінде жұмыстарды орындау міндеті.</p>
	<p><i>КҚ5</i> ветеринарлық-өндірістік бөлімшелердің жұмысын ұзақ мерзімді жоспарлау дағдыларын меңгеру, ветеринарлық қызметтің экономикалық дамуын бағалау, болжау, ветеринарлық қызметтің тиімділігін бағалау міндеті;</p>
	<p><i>КҚ6</i> ветеринарлық медицина саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарының әдістерін меңгеру қабілеті;</p>

					Смарт технологиялар. Электронды технологиялар. Электронды бизнес. Электронды үкімет.													
15	Ветеринарияның биологиялық негіздері	БП	ЖК	Жануарлар морфологиясы I	<p>Мақсаты: Қаңқаның (остеология), сүйектер байланысының (синдесмология), белсенді қозғалыс мүшелер жүйесі ретінде бұлшық еттердің (миология), тері жабыны және оның туындылары (дерматология) туралы білімдерін қалыптастыру.</p> <p>Олардың жалпы морфо-функциональдық сипаттамасын құрылысын, организм тіршілігіндегі маңызын, филогенезі мен онтогенезін, байланыс ерекшеліктерін меңгереді.</p> <p>Мазмұны: Қаңқаның функционалды анатомиясы. Сүйектердің құрылысы мен жіктелуі; Қаңқаның бөліктерге бөлінуі; Буындардың құрылысы, олардың сипаттамасы және классификациясы; Бұлшық еттердің құрылысы, жіктелуі және олардың денеге таралу заңдылықтары; Көкіректердің, бас және аяқ-қол бұлшық еттері құрылысы мен латынша атаулары.</p>	4				v								
16		БП	ЖК	Жануарлар морфологиясы II	<p>Мақсаты: Ішкі мүшелер (ағзалар) жүйелерінің атқару қызметтерін, маңызын, олардың орналасуындағы өзара байланыстарын, құрылысы мен дамуындағы жалпы заңдылықтарын, тіршілік ортасына, азықтану түрлеріне тығыз байланысын, ағзаның қызмет етуінің анатомиялық-физиологиялық</p>	5				v								

				жайындағы түсінікті қалыптастыру Мазмұны: Ч.Дарвиннің эволюциялық ілімі. Филогенез және эмбриогенез. Филогенетикалық қатар. Тірі организмдердің филогениясы. Онтогенез және оның кезеңдері. Геккел Мюллер заңы; Түрлер, класс, отрядтардың пайда болу. Мүшелердің пайда болуы мен күрделенуі. Филогенез және оның кезеңдері. Адаптация және оның түрлері.														
21	Мамандық негіздері	БП	ТК	Латын ветеринарлық терминологиясы	Мақсаты: Латын тілінің негіздерін, ветеринарлық практикада латын терминдері мен айтылымын, латын афоризмдері мен арнайы тіркестерді терең меңгереді. Мазмұны: Ветеринарлық медицина саласында қолданылатын терминдер. Терминдік элементтердің өзара байланысы. Терминоэлементтер тізімі. Латын тіліндегі жануарлардың атауы және дәрілік өсімдіктердің, дәрі-дәрмектердің тізімі, жануарлар ауруларының атаулары	4	v			v								
22		БП	ТК	Фармацевтикалық терминология	Мақсаты: латын грамматикасы және кәсіби терминологиялық лексика негізінде заманауи ветеринариялық фармацевтикалық терминологияның негіздерін зерттеу Мазмұны: Латын ветеринариялық фармацевтикалық терминдерінің дұрыс айтылуы мен оқылуы. Рецепт құрылымдары және негізгі дәрі-дәрмектерге арналған рецепттің латын				v		v							

			бөліктерін әр түрлі формада дұрыс рәсімдеу мүмкіндігі. Латын тіліндегі клиникалық терминология.															
23	БП	ТК	Мамандыққа кіріспе	<p>Мақсаты: Малдәрігерлік қызметті құру теориясы мен практикасын және оны халық шаруашылығының әртүрлі салалары мен мемлекеттік аппаратында басқару, сондай ақ ауылшаруашылығы малдарын емдеу мен аурудың алдын алу профилактикасының теориялық және практикалық негіздерін білу дағдыларын сіңіруді, қарастырады, мал дәрігерлік іс шараларды меңгереді.</p> <p>Мазмұны: Мал шаруашылығының пайда болуы. Жануарларды қолға үйрету. Үй жануарларының тегі, туыстары. Қазақстанда ветеринария ісін ұйымдастыру. Ежелгі Қазақстандағы мал шаруашылығы. Мемлекеттік ветеринария қызметін құру. Ветеринария туралы заң. Ғылыми зерттеулер</p>	4					v								
	БП	ТК	Академиялық жазу негіздері	<p>Мақсаты: Сөйлеудің ғылыми стилінің негізгі ерекшеліктерін меңгереді.</p> <p>Мазмұны: Оқу эссесі. Ғылыми мақала, Реферат (рецензия). Курстық жұмыс. Ғылыми баяндама. Баяндама үшін презентация. Жанрлардың ерекшеліктері зерттеудің жазбаша түрлері. Академиялық мәтіндерді жазу дағдылары. Дәйексөз. Өзара әрекеттесу. Антиплагиат.</p>		v												
	БП	ТК	Ветеринариялық генетика	<p>Мақсаты: Геннің және хросоманың құрылысын, тұқым қуалаушылық пен</p>	5					v								

				репарация механизмі. Гендердің қайта құрылу механизмдері. Туа біткен аномалиялар мен ауруларды есепке алу және тіркеу, генетикалық талдау. Ауыл шаруашылығы жануарларының ауруларға генетикалық төзімділігі мен полиморфты жүйелер арасындағы байланыс														
		БП	ЖК	Оқу практикасы	Ауылшаруашылық өнімдері негіздерімен танысуға жағдай жасайды, жануарларды баптау, бағу, азықтандыруды іс жүзінде жасай алу қабілеттілігінің болуы; жануарлармен жұмыс жасау кезінде қауіпсіздік шараларын сақтау, малдәрігерлік шараларды өткізу және химиялық реактивтерді дайындау әдістерін меңгеру.	1				v		v						v
25	Ветеринариялық микробиология және вирусология, мал азығы технологиясы және химия негіздері	БП	ЖК	Ветеринариялық микробиология және вирусология I	Мақсаты: микробтардың жұқпалы ауруларының формасы, биологиясы, көбею ерекшеліктері мен қоздырғыштары, сондай-ақ жұқпалы аурулардың пайда болуы мен таралу заңдылықтары, иммунитеттің қалыптасуы туралы білім алу. Мазмұны: микробтардың морфологиясы мен физиологиясын, олардың әртүрлі физикалық және биологиялық әсерлерге төзімділігін, сыртқы ортада таралуын, жұқпалы аурулардың пайда болуы мен таралуын, иммунитетті, қоздырғыштардың биологиялық қасиеттерін, жұқпалы ауруларды	5				v								v

				зертханалық зерттеу әдістерін зерттеу														
26	БП	ЖК	Ветеринариялық микробиология және вирусология II	<p>Мақсаты: вирустардың негізгі түрлері, олардың тіршілік ету формалары және физика-химиялық құрылымы, вирустық аурулардың патогенезі, вирусқа қарсы иммунитеттің ерекшеліктері, жануарлардың вирустық ауруларының алдын алу мен диагностикалаудың заманауи тәсілдері, ең өзекті, вирустық аурулардың сипаттамасы туралы білім алу;</p> <p>Мазмұны: вирустардың негізгі топтарын зерттеу, олардың жіктелуі; вирустық инфекцияны диагностикалаудың зертханалық әдістері, экспресс-әдістер, ретроспективті диагностиканың вирусологиялық әдістері мен әдістері, биоматериалды іріктеу, жеткізу және сақтау ережелері, зарарсыздандыру және дезинфекциялау әдістері, патогендік микроорганизмдердің жануарларға әсер ету формалары</p>	5									v				
30	БП	ТК	Мал шаруашылығы	<p>Мақсаты: жалпы зоотехника, ауыл шаруашылығы жануарларының</p>	4									v				

				Күніне, айына, маусымына және жылына жануарлардың жемге деген қажеттілік деңгейін жоспарлау мүмкіндігі.															
32		БП	ТК	Жануарларды азықтандыру	<p>Мақсаты: Ауыл шаруашылығы жануарларын олардың денсаулығын сақтауға және өнімділігін арттыруға бағытталған азықтандыруды дұрыс ұйымдастыру шарттарын үйрету.</p> <p>Мазмұны: Азықтың қоректенуін бағалау жүйесін білу және түсіну, жануарлардың энергияға, қоректік және биологиялық белсенді заттарға қажеттілігін зерттеу, азықтандыру нормасын өз бетінше құра білу және жануарларды суару және ұстау техникасын таңдау. Жемшөп, жемшөп қоспалары мен премикстердің химиялық құрамы мен қоректілігін бағалау әдістерін білу; жануарларды теңдестірілген азықтандырудың ғылыми негіздерін білу.</p>	4					v								
33		БП	ТК	Балық азығы және азықтандыру	<p>Мақсаты: Балықты азықтандыру және азық дайындаудың практикалық дағдыларын қалыптастырады..</p> <p>Мазмұны: Белгілі бір балық түрлерінің физиологиясы мен азықтық қажеттіліктерін, азық түрлерінің жіктелуін, жемшөп өндірісін, әсіресе азық түрлерін таңдау мен балықтарды азықтандыруды зерттейді. Албырт, бекіре және тұқы тұқымдас балықтарын өздігінен және автоматтандыру арқылы азықтандырудың практикалық</p>						v								

				<p>реакциялардың журуінің жалпы заңдылықтарына студенттердің эксперименттік дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Мазмұны: Атом құрылысы. Д.И. Менделеевтің периодтық заңы және элементтердің периодтық жүйесі. Химиялық байланыс. Коваленттік байланыс. Химиялық реакциялардың энергетикасы. Химиялық кинетика. Ертінділер. Тұздар гидролизі. Тотығу-тотықсыздану реакциялары. Кешенді қосылыстар. Сапалық және сандық талдау әдістері. Бейорганикалық және аналитикалық химияның теориялық сұрақтарына эксперименттік негіздеме береді. Химиялық процестер ағымының бағытын болжау үшін термодинамика заңдарын қолданады, зертханалық жағдайда химиялық эксперимент жүргізеді есептерін өңдейді, эксперимент нәтижелерін дұрыс өткізеді</p>														
36	ЖК	ЖК	Өндірістік практика I	<p>Жануарларды бекіту және жығу әдістерін меңгеру; балау; зертханалық зерттеулерді өткізу және дәрілік затты егу әдістерін меңгеру; алғашқы ветеринарлық көмекті көрсету, ветеринарлық іс-құжаттарын жүргізу; зертханалық зерттеулерді өткізу, ветеринарлық дәрігерлердің ескертуі бойынша емдеу алдын алу шараларын жүргізу</p>	3									✓	✓	✓	✓	

37	Ветеринарияның фармакология және санитария негіздері	БП	ЖК	Жануарлар патологиясы I	<p>Мақсаты: патологиялық процестің пайда болуының, дамуының және нәтижесінің негізгі механизмдері мен жалпы заңдылықтарын зерттеу.</p> <p>Мазмұны: Ол әртүрлі ауруларда болатын тұрақты және типтік ағымы бар жалпы патологиялық процестерді зерттейді; патологиялық процестер мен аурулардың этиологиясының пайда болуын және құрылымдық өзгерістердің дамуын тану; қабыну, ісік, безгегі, гипоксия, метаболикалық бұзылулар, аштық.</p>	5					v								
38		БП	ЖК	Жануарлар патологиясы II	<p>Мақсаты: ең алдымен жекелеген мүшелер мен жүйелерге қатысты жалпы патологиялық бұзылыстар туралы объективті түсінік қалыптастыру.</p> <p>Мазмұны: Ол патологиялық бұзылыстарды зерттейді, ең алдымен жеке органдарға немесе жүйелерге қатысты: қан айналымы, тыныс алу, шығару, ас қорыту, эндокриндік, жүйке. Диалектикалық материализм позициясынан патологиялық процестердің дамуының жалпы заңдылықтарын, аурудың мәнін, патологиялық физиологияны ашу бұл ауруларды диагностикалауға, алдын алуға және емдеуге мүмкіндік береді.</p>	5					v								
39		БП	ЖК	Жануарлар патологиясы III	<p>Мақсаты: жануарлардың патологиялық анатомиясы саласында объективті көзқарасты қалыптастыру, ағзалар мен тіндердегі патологиялық</p>	5					v								

				<p>процестердің пайда болу себебі мен даму динамикасын білу қажет.</p> <p>Мазмұны: Жалпы патологиялық, бейімделу және компенсаторлық процестерді сипаттайтын жалпы патологиялық анатомия барлық ауруларға тән; Жеке тәуелсіз аурудың этиологиясы, патогенезі, диагностикасы және органопатологиясы зерттелетін жеке немесе арнайы патологиялық анатомия.</p>														
40	БП	ТК	Ветеринариялық гигиена және санитария	<p>Мақсаты: Сыртқы орта факторларының мал организмі мен саулығына тигізетін әсерлердің теориялық негізін меңгеру, малды күтіп –бағу, өнімділігін жақсарту, мал шаруашылығы нысандарын инфекциялық және инвазиялық аурулардың енуінен сақтандыруға және сыртқы орта параметрлеріне қойылатын ветеринариялық – санитариялық және гигиеналық ережелерді меңгеру.</p> <p>Мазмұны: Ауа гигиенасы, атмосфералық ауаның көрсеткіштері, ауа микроорганизмдер, ауа райы, климат микроклимат және олардың мал организміне әсері. Мал қора ауасын санитариялық гигиеналық тұрғыдан бағалаудың негіздері. Судың санитариялық гигиеналық. Мал азығы және азықтандыру гигиенасы.</p>	5					v								
41	БП	ТК	Жануарлар гигиенасы	<p>Мақсаты: Ауыл шаруашылық малдарын пайдалану, күтіп-бағу, азықтандыру,</p>						v								

				<p>суғару, күту ережелерін және аймақтық ерекшелігін ескеріп, оларды түліктің түріне қарай өсіру, жасы мен жынысының және түріне байланысты ветеринариялық-санитарлық ережелердің негізгі принциптерін жете меңгеру.</p> <p>Мазмұны: Малды жайылымда күтіп бағу гигиенасы, қораларды жабдықтауға қойылатын зоогигиеналық талаптар, жайылым пайдалану жүйелері, ірі қараны, уақ малды, шошқаны бағып күту гигиенасы. Мал қораларын жобалаудың нормативтік базасы. Мал шаруашылығындағы жалпы гигиеналық және ветеринариялық санитариялық шаралар.</p>														
42	БП	ЖК	Ветеринариялық фармакология және токсикология I	<p>Мақсаты: ҚР және шет елдердегі фармация және фармацевтикалық жұмыстың даму жағдайын; жаңа дәрілік заттардың фармакологиялық ерекшеліктерін; дәрілік заттардың тиімділігін анықтап, оны ауруларды емдеу және алдын алу мақсатында қолдануды меңгеру</p> <p>Мазмұны: Дәрілік заттардың әсер ету түрлері, организмге енгізу, бөлініп шығу жолдары, дозалау принциптері. Орталық жүйке жүйесі қызметін әлсіретіп, қоздырып әсер ететін заттар. Афференттік және эфференттік жүйке қызметін әлсірететін және тітіркендіргіш заттар. Жекелеген мүшелерге әсер ететін заттар,</p>	5							v						

				Басымырақ ұпалық зат алмасу құбылысына әсер етуші заттар Микробтарға, паразиттерге қарсы қолданатын заттар.														
43	БП	ЖК	Ветеринариялық фармакология және токсикология II	<p>Мақсаты: антропогенді және табиғи улы заттардың ауыл шаруашылығы малдары, балықтар мен аралардың, олардың өнімділіне әсерін анықтап, алынатын өнімдерге санитарлық сапалық баға беруді үйрету; сонымен қатар, улануды балау, емдеу және алдын алудың заманауи әдістерін меңгеру</p> <p>Мазмұны: Улы заттар және олардың уыттылығына қарай жіктелуі. Химиялық заттардан уланулар. Ауыр металл тұздары мен дәрілік заттардан уланулар. Пестицидтер әсерінен туындайтын уланулар. Өсімдіктер токсикологиясы Азықтық заттардан уланулар. Саңырауқұлақ тектес уытты заттардың әсерінен болатын токсикоздар. Жануар тектес уытты заттардың әсерінен болатын токсикоздар Улану кезіндегі емдеу, алдын алу шаралары.</p>	5						v							
44	БП	ТК	Ветеринариядағы зертханалық іс	<p>Мақсаты: Зертханалық зерттеулерді тиімді ұйымдастыру; зертханалық талдау нәтижелері туралы пікірлерді меңгеру.</p> <p>Мазмұны: Ветеринариялық зертханалардың құрылымы. Зертханалық зерттеудің маңызы. Бактериялармен жұмыс істеу ережелері.</p>	5						v							

	i ұйымдасты ру			<p>Ветеринариялық іс-шараларды өткізу бойынша ұйымдастыру жұмыстарын жүргізу.</p> <p>Мазмұны. Ветеринариялық менеджмент негіздері. Ветеринария қызметінің тарихы.</p> <p>"Ветеринария туралы" Заң, ветеринария жүйесі. Ветеринариялық инспекцияны ұйымдастыру. Мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар. Мемлекеттік ветеринариялық қадағалау. Ветеринариялық іс-шараларды ұйымдастыру. Ветеринариялық іс-шараларды жоспарлау. Ветеринариялық есеп және есеп беру. Шет елдердегі ветеринариялық қызмет.</p>														
47	БП	ТК	Ветеринария дағы кедендік рәсімдер	<p>Мақсаты: Қазақстан Республикасының кеден кодексіне сәйкес кедендік және шекаралық бақылау ветеринариялық бекеттері мамандарының Кедендік бақылау және мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық қадағалау жүргізу қағидаларын білу. Ветеринариялық бақылауындағы жүктерді алып жүру және сүйемелдеу құжаттарын рәсімдеу. Бақылаудағы жүктердің Мемлекеттік шекарасынан өткен кезде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық қадағалау жүргізу тәртібі.</p> <p>Мазмұны: Тасымалданатын ветеринариялық бақылауындағы жүктерге ветеринариялық анықтама,</p>											v			

				<p>қ кәсіпкерлік ұйымдастырудың жаңа формаларын малдәрігерлік жұмыстарын ұйымдастыру, баға құрылымы болжау, қаржыландыру, салық салу, маркетинг және менеджмент ветеринарлық кәсіпкерлікті мемлекеттік бақылау және реттеуді қамтамасыз етуді оқытады.</p> <p>Мазмұны: Ветеринария саласында жеке кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру. Әр түрлі жекеменшіктік саладағы малдарға малдәрігерлік клиникалық ем көрсетуді ұйымдастыру Ветеринарлық қызметті құқықтық реттеулер жолдары. Малдәрігерлік іс-өндірістерін және кәсіби-малдәрігерлік ветеринарлық этикасы.</p>														
50	БП	ТК	Ветеринариялық иммунология	<p>Мақсаты: Мал ағзасының иммундық жүйесінің заңдылығын қарастырады, антигеннің, антидененің, теориялық құрылымын, иммунитеттің пайда болуын, антидене синтездеуге, қатысатын мүшелерді және де иммунологиялық реакцияларды қою техникасын, иммунитет түрлерін, лимфа бездерінің және жасушалардың орналасуын, иммундық статусты анықтай білуді қарастырады.</p> <p>Мазмұны: Имунокомпетентті жасушалардың және олар түзетін цитоксиндердің реттеуші және эффекторлық қызметтері, қалыпты және патологиялық жағдайларда</p>	5									v				

				жануарлардағы иммунологиялық процестердің дамуындағы, барысы мен нәтижесіндегі жасушааралық өзара әрекеттесулердің рөлі.															
51		БП	ТК	Практикалық иммунология	<p>Мақсаты: Донордан және басқа малдардан сараптама жасау үшін қан алу әдістерін білу, серологиялық реакция жүргізу үшін гемо және физиологиялық ерітіндіні дайындауды білу, реакциялардың көрсеткіштерін сауатты анықтай білу, аллергиялық, тері астында жасалған сынамалар, жануарлардың жұқпалы ауруларына қарсы жасалған вакцинацияларды еге білу.</p> <p>Мазмұны: Өртүрлі аурулар кезіндегі иммунопатологиялық жағдайларды диагностикалау. Имунитет тапшылығы бар жануарларды дер кезінде анықтау, олардың иммундық кемістік деңгейін анықтау. Иммундық жағдайды диагностикалау және бағалау әдістері. Иммундық бұзылыстардың өртүрлі формаларын түзету (иммунотерапия) әдістері.</p>									v					
52	Жануарлардың жыныс аурулары, көбею биотехнологиясы және радиациялық қауіпсізді	БП	ЖК	Ветеринариялық акушерлік және гинекология	<p>Мақсаты: Жануарлардың жыныс аппараттарының анатомиялық құрылысын, әсіресе жыныстық және физиологиялық жетілу кезінде, ұрықтандыру, буаз және туу, туғаннан соңғы кезеңдерде жануар организмінде болатын физиологиялық, патологиялық жағдайларды білу, ветеринарлық-акушерлік көмек көрсету, жаңа туған</p>	5					v		v						

				<p>төлдердің әр түрлі ауруларын, желіннің қабынулары кезінде көмек көрсете білу, емдеу, алдын алуды оқыту.</p> <p>Мазмұны: Малдың көбеюінің физиологиялық негіздері. Аналық малдың жыныстық аппаратының құрылысы, қызметі. Жыныстық және физиологиялық жетілуі. Буаздықтың әртүрлі кезеңдерінде ұрықтың жатырда дамуы және орналасуы. Буаздықтың патология. Әр түлік малдың төлдеу ерекшеліктері. Акушерлік операциялардың ерекшеліктері мен мәні. Жаңа туған төл аурулары, сүт безінің аурулары.</p>															
53		БП	ЖК	<p>Ветеринариялық акушерлік және гинекология II</p>	<p>Мақсаты: Жануарлардың бедеулігі мен тұқым қуалайтын түрлері туралы түсінік және классификациясын оқыту. Жануарлардың жыныс жүйесінде кездесетін гинекологиялық ауруларының себептерін, клиникалық белгілерін, ондағы болатын патологиялық өзгерістерін анықтай білу; балаудың заманауи әдістерін меңгеру және жаңа дәрілік заттарды қолдана отырып, аурудың диагностикасы, алдын-алу және емдеу әдістерін оқыту.</p> <p>Мазмұны: Бедеулік және қысырлық туралы түсінік. Бедеуліктің жіктелуі. Гинекологиялық патология. Жыныс жолдарының жұқпалы инвазиялық аурулары. Жатырдың аурулары. Аналық жұмыртқалықта</p>	5					v	v							

				аурулары.Өндірушілердізерттеу. Биотехнологиялықәдістер. Аналықтардың жыныстық қызметін ынталандыру табиғи және жасанды әдістері. Тұқы аталық малды іріктеу және пайдал дайындау.													
54	БП	ТК	Ауыл шаруашылық малдарын қолдан ұрықтандыру	<p>Мақсаты: Жануарлардың әртүрлі түрлеріндегі жыныстық циклдердің көріну ерекшеліктерін, ұрықтандыру процестері, аналық және еркектердің жыныс мүшелерінің құрылымы мен қызметі, жыныстық шағылыстыру және жануарларды жасанды ұрықтандыруды жүргізуді қарастырады;</p> <p>Мазмұны: Көбею физиологиясы. Жасанды қынаптың құрылысы, дайындау және жинау әдістері. Шәует алу техникасы және санитарлық биохимиялық бағалау. Спермилердің тыныс алу коэффициентін анықтау. Сиырды, қой мен ешкіні қолдан ұрықтандыру.</p>	4					v	v						
55	БП	ТК	Эмбриотрансплантация	<p>Мақсаты: Донорлар мен реципиенттерді эмбрионды трансплантациялау, синхрондау және репродуктивті циклді ынталандыруды меңгереді</p> <p>Мазмұны: Эмбриондарды алу. Донорлардың суперовуляциясы. Эмбриондардың сапасын бағалау және сақтау және трансплантациялау әдістері. Биелер, сиырлар, қойлар, ешкілер, шошқалар, иттер мен мысықтар үшін эмбрионды</p>						v	v						

				трансплантациялау жұмыстарын ұйымдастыру.														
56	БП	ТК	Ветеринариялық радиобиология	<p>Мақсаты: иондаушы сәулеленудің биологиялық әсері, радиациялық ауруы бар жануарларды диагностикалау және емдеуді терең меңгеру.</p> <p>Мазмұны: Иондаушы сәулелерді радиометриялау және дозиметриялау Радиоизотоптармен жануарлардың сыртқы әсерінен және ішкі инфекциядан болатын дозаны, өнімнің, жемнің, судың радиоактивті ластану дәрежесі.</p> <p>Радиометриялық, дозиметриялық құрылғылардың негізгі түрлерін пайдалану. Сәулемен зақымдану. Сәуле күйігі. Радиациялық қауіпсіздік негіздері. Радиоактивті заттармен жұмыс істеуді ұйымдастыру.</p>	4							v						
57	БП	ТК	Малдардың радиациялық сәулеленуі	<p>Мақсаты: Жануарлар мен олардың төлдерінің саулығына, өнімділігіне, сапасы мен қауіпсіздігіне иондаушы сәулеленудің зиянды әсерінен қорғау жағдайын қарастырады.</p> <p>Мазмұны: Ветеринарлық радиациялық бақылау шаралары. Жануарлардың және жануарлардан алынатын өнімдердің радиациялық қауіпсіздігі. Мал дәрігерлік қадағалу нысандарын радиометриялық және радиохимиялық сараптау. Радионуклидтермен ластанған аймақта мал шаруашылығын ұйымдастыру және жүргізу, мал шаруашылығы</p>								v						

				өнімдерін өндіру технологиясы.																
58		КП	ЖК	Өндірістік практика II	Жануарларда клиникалық зерттеулерден және ауру малдарды анықтауды үйретуді терапиялық – емдеу шараларын жүргізу, аурудың алдын алу, емдеу, малдарды, құстарды және балықтардың ауруларын болдырмау, жан-жақты мамандық икемдігін әсіресе жұқпалы және жұқпалы емес ауруларды дұрыс балап, алдын алу шараларын жүргізу	3							v	v	v					
59	Клиника-диагностикалық ғылымдар	КП	ЖК	Ветеринарлық хирургия I	Мақсаты: Малдардың топографиялық анатомиясын және ұлпаларын түріне және жасына байланысты зерттеу, малдардың түріне және жасына байланысты мүшелер анатомиялық топографиясын ескере отырып, хирургиялық операция жүргізу техникасын меңгеру; хирургиялық патологияда диагнозын анықтап, емдеу және алдын алу шараларын жүргізуді үйретіп, терең меңгеру. Мазмұны: Хирургиялық операция бойынша жалпы мәліметтер. Хирургиялық құрал – жабдықтарды, зарарсыздандыру. Жануарларды бекемдеу, инъекция және пункция түрлері, анестезия теориясы, наркоздың жіктелуі, ұлпаларды ажыратуға және біріктіруге арналған заманауи құрал-жабдықтар. десмургия, иммобилизациялық таңғыштар, Экономикалық, косметикалық операциялар.	5								v	v					

60	КП	ЖК	Ветеринарлық хирургия II	<p>Мақсаты: Жануарларда кездесетін жалпы хирургиялық патологиялардың этиологиясын, патогенезін, клиникалық белгілерін, диагностикасын және емдік шарасын жоспарлаудың, ұйымдастырудың және жүргізудің қағидалары мен әдістерін оқыту, түрлі асқынулардан болатын ауруларда сапалы хирургиялық көмек жасауды үйретіп, игеру.</p> <p>Мазмұны: Реаниматология негіздері. Жарақаттануды, хирургиялық инфекцияны, әр түрлі жараларды емдеу. Жануарлар мүшесінің ашық және жабық бүлінулерін, ұлпалардың ауруларын, күйік және үсіктер, некроз, гангрена және ойылымдар, фурункулез, карбункул, экзема, дерматит, жаншылу және іріңді өзек, тері ауруларын хирургиялық жолмен емдеу шараларын жүргізу.</p>	4						v	v				
61	КП	ЖК	Ветеринарлық хирургия III	<p>Мақсаты: Жануардың әр түрлі аумақтарындағы мүшелердің хирургиялық ауруларын, көз аурулары, көздің анатомиясы мен физиологиясы, зерттеу тәсілдері, тұяқ аурулары, этиологиясын, патогенезін, клиникалық бейнелерін, балауын, болжамы мен емін, тұяқтың анатомиясы физиологиясы, тағалауды оқытып, үйрету.</p> <p>Мазмұны: Бас, мойын аумағының хирургиялық аурулары. Кеуде және</p>	4					v	v					

				шоқтық аумағының аурулары. Бел және құрсақ аумағының аурулары. Жамбас аумағының аурулары. Несеп-жыныс ағзаларының аурулары. Аяқтардың аумағының аурулары. Ортопедия. Офтальмология. Көз ауруларын балау, емдеу және алдын алу шаралары бойынша жалпы мәліметтер.														
62	КП	ЖК	Жануарлардың ішкі аурулары клиникалық балаумен I	<p>Мақсаты: Жануарлармен жұмыс жасағанда қауіпсіздік техникасы ережелерін білу, ауру жануарларды зерттеудің жоспары мен әдістері; зерттеудің физикалық және аспаптық зертханалық әдістерін ұтымды және тиімді қолдана білу; аурулардың белгілерін анықтап, дұрыс диагноз қоя білу; дәрігерлік ойлау қабілетінің болуы, жануарларды зерттеудің клиникалық, зертханалық және аспаптық әдістерін меңгеру</p> <p>Мазмұны: Жануарлармен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік техникасы. Жануарлардың ішкі аурулары кезіндегі жалпы алдын алу және терапия, Физиотерапия және физиопрофилактика әдістері мен құралдары, терапиялық техника. Дәрілік заттарды берудің жеке және топтық тәсілдері. Дәрі-дәрмектерді қою әдістері. Инъекция. Дәрілік заттарды тері астына, бұлшықет ішіне, тамыр ішіне енгізу. Зондтау, клизма.</p>	4								v	v				
63	КП	ЖК	Жануарлардың ішкі	<p>Мақсаты Жануарлардың жұқпалы емес ауруларын ветеринарлық дәрі-</p>	4								v	v				

			<p>аурулары клиникалық балаумен II</p> <p>дәрмектермен және олардың көмегінсіз емдеудің әдістерін және алгоритмдерін білуді, этиологиясы әртүрлі жұқпалы емес ауруларды емдеу барысында терапевтикалық әдістемелерді қолдана білуді, жануарларды тексеру және емдеуге арнайы құралдармен жабдықтарды кеңінен қолдана білуді үйренеді</p> <p>Мазмұны: Жүрек-тамыр, тыныс алу, ас қорыту жүйесінің аурулары. Жүрек және қан тамырлары аурулары. Пневмония, бронхопневмония, бронхит, көмейдің, кеңірдектің қабынуы. Тыртықтың, сынықтың, қатпаршақтың және торлардың аурулары. Бауыр аурулары, гепатиттер, гепатоздар. зәр шығару жүйесінің қабынуы, бүйректің, қуықтың қабынуы, қан және жүйке жүйесінің аурулары. Жануарлардың улануы. Колик құбылыстары бар аурулар</p>															
64		КП	ЖК	<p>Жануарлардың ішкі аурулары клиникалық балаумен III</p> <p>Мақсаты: Диагностикалық зерттеу жұмыстарын жүргізе білу, диспанцерлеу, сақтандыру, емдеу – диагностикалық шаралар; жануарлардың ішкі ауруларының пайда болу себептері, даму мезанизмі, клиникалық морфологиялық белгілері, емдеу және сақтандыру ұстанымдарын қарастырады; жануарлардың ішкі ағзасындағы аурулар және жалпы ағзасындағы ауруларды зерттеу, жануарлардың ішкі жұқпалы емес</p>	4							v	v					

				<p>ауруларын анықтау мен емдеу шараларын жүргізуді ұйымдастыру</p> <p>Мазмұны: Зат алмасу және эндокриндік жүйе аурулары. Кетоздар, остео дистрофия, гипо және авитаминоздар. Панкреатит, гипо және гипертиреоз. Анемия, ақ бұлшықет ауруы. Жануарлар организміндегі минералды алмасудың бұзылуы. Бұзу ақуызды, көмірсу алмасу. Биогеоценодикалық диагностика. Жануарлар төлдерінің, құстардың, терісі бағалы аңдардың жұқпалы емес аурулары. Диспепсия, рахит, бронхопневмония.</p>														
65		КП	ЖК	Өндірістік практика III	<p>Ветеринария ісін ұйымдастыру және экономикасымен, ветеринарлық аптеканың жұмысымен танысу; диагноз қоюда, емдеуде ішкі жұқпалы емес, хирургиялық, акушерлік-гинекологиялық, инвазиялық және инфекциялық аурулардың алдын алу, емдеу және диагноз қою; патологоанатомиялық жарып сою техникасын игеру және жануарлардың өлекселерін жоюды меңгеру; малдарды союды, ветеринарлық санитарлық сараптау әдістерін білу;</p>	3				v			v	v	v	v	v	v
66	Малдардың аурулары патогенезі, балауы, емі және алдын-алу	КП	ТК	Құс аурулары	<p>Мақсаты: Құстардың инфекциялық, паразиттік және инфекциялық емес ауруларын зерттеу бойынша мәселелерді қарастырады;</p> <p>Мазмұны: Құс ауруларының себептері, клиникалық белгілері,</p>	4					v	v	v	v				

				патолого анатомиялық өзгерістерге ұшырауы, оларды анықтаудың әдістері, диагностикалау үшін заманауи жабдықтар мен жаңа дәрі-дәрмектерді қолдана отырып, аурудың диагностикасы, алдын-алу және емдеу шараларын ұйымдастыра білу.														
67	КП	ТК	Құстың аса қауіпті және карантиндік аурулары	<p>Мақсаты: Құстардың аса қауіпті және карантиндік инфекциялық ауруларын жою мақсатында емдеу принциптері эпизоотияға қарсы, алдын-алу шараларын жүргізу дағдыларын меңгереді.</p> <p>Мазмұны: Аса қауіпті аурулар бойынша әлемдегі эпизоотиялық жағдайды және олардың Қазақстан Республикасына әкелінуінің алдын алу шараларды. Құстың аса қауіпті және карантиндік ауруларының пайда болу себептері, даму механизмі, клиникалық-морфологиялық көріністері.</p>					v	v		v						
70	КП	ТК	Соттық ветеринария	<p>Мақсаты: Сот-ветеринариялық сараптама туралы білімді қалыптастыру, ветеринариялық білімнің барлық кешенін, зерттеудің арнайы әдістерін сот - ветеринариялық сараптаманың нақты міндеттерін шешу үшін ғылыми-қолданбалы дәлелдеу әдістерін пайдалану.</p> <p>Мазмұны: Ветеринариялық іс жүргізу негіздері және сараптама құжаттамасы, арнайы бөлім:- соттық танатология, соттық травматология, соттық</p>	4				v			v	v					

				Иттерді жалпы дрессировка курсымен дайындау тәсілдері.														
74	Клиника-эпизоотологиялық ғылымдар	КП	ЖК	Індеттану және жануарлардың жұқпалы аурулары I	<p>Мақсаты - ауыл шаруашылық малдарының індеттік аурулары, соның ішінде жануарлар мен адамға ортақ аса қауіпті аурулардың шығу себептерін, ауру қоздырғыштарын, патогенезін зерттейді және аурудың клиникалық белгілері, балау, дифференциалды балау қоюды, емдеу және алдын алу шараларын меңгереді.</p> <p>Мазмұны – жануарлардың жұқпалы ауруларының пайда болуы мен таралуының эпизоотиялық заңдылықтары туралы, жұқпалы аурудың ошағында аурумен күресу, алдын алу шараларын жүргізу тәсілдерін қолдануды, аурудың түрін анықтау кезінде клиникалық және зертханалық зерттеулердің нәтижелерін дұрыс сараптауды, даралауды қалыптастыру.</p>	5						✓			✓			✓
75		КП	ЖК	Індеттану және жануарлардың жұқпалы аурулары II	<p>Мақсаты – жұқпалы ауруларға байланысты індеттік ахуалды анықтау, індетке қарсы жүргізілген шаралардың нәтижелерін бақылау, бағалау және індеттанулық болжау әдістерін қолдану.</p> <p>Мазмұны – індеттанулық зерттеу және оның актісін жасау, жұқпалы ауруға нозологиялық және індеттанулық диагноз қою мен сауықтыру шараларының жоспарын</p>	4						✓			✓			✓

				жасау, карантин және шектеу шараларын ұйымдастыру және іске асыру, жануарларға вакцина егу, зертханаға жіберу үшін патматериал алу, бірнеше түліктерге ортақ, күйістілердің, шошқаның, төлдің, құстың, ет қоректілердің, ара мен балықтың жұқпалы ауруларын дер кезінде анықтау, олардың пайда болу себептерінің заңдылықтарын эксперимент түрде зерттеу, жұқпалы ауруларға бактериологиялық, вирусологиялық, серологиялық және аллергиялық зерттеулер жүргізу, дезинфекция және дератизация шараларын іске асыру.															
76		ЖКП	ЖК	Паразитология және инвазиялық аурулар I	<p>Мақсаты: Паразит пен иесі арасындағы аралық қатынастары, паразиттердің зардаптылық деңгейі мен жануарларда тудыратын патологиялық өзгерістерді; қоздырушылардың жіктелуі мен құрылысы, инвазиялық аурулардың таралуын, этиологиясын, жұғу жолдарын, патогенезін, клиникалық белгілерін, емдеу және алдын алу шараларын меңгеру</p> <p>Мазмұны: Бірнеше түліктерге ортақ, күйістілердің, шошқаның, төлдің, құстың, ет қоректілердің, ара мен балықтың паразитарлық ауруларының анықтамасы, географиялық таралымы, зерттелу тарихы мен эволюциясы. Паразит пен</p>	5					v	v		v					

				иесі арасындағы аралық қатынастары. Паразиттердің зардаптылық деңгейі мен жануарларда тудыратын патологиялық өзгерістері. Ауру қоздырғыштарының жіктелуі мен құрылысы. Инвазиялық ауруларды заманауи әдістермен анықтау және емдеу жолдары, алдын алу шаралары													
77	ЖКП	ЖК	Паразитология және инвазиялық аурулар II	<p>Мақсаты: Кенелерден туындаған жануарлардағы паразиттік аурулардың қоздырғышын, аралық иесін, клиникалық белгілерін, диагноз қою, заманауи дәрі-дәрмектерді қолдану, алдын алу және күресу шараларын меңгеру</p> <p>Мазмұны: Буынаяқтылар - арахноэнтомология. Ларвалды энтомоздардар. Зоофилды шыбындар. Қансорғыштар. Арахнология. Иксодидтер, аргазидтер, гамазоид кенелері. Ветеринариялық протозоология. Жануарлар пироплазмоздары және бабезиоздары. Жануарлардың кокцидиоздары. Жануарлардың мастигофороздары. Прокариоттар және олар қоздыратын аурулар.</p>	5						v	v		v			
78	ЖКП	ЖК	Ветеринариялық санитариялық сараптау I	<p>Мақсаты: Жануарлардан алынатын азық-түлік өнімдері мен шикізатты санитарлық-гигиеналық зерттеу әдістерін зерделеу, сондай-ақ шығарылатын өнімнің ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздігін меңгеру.</p>	4						v			v	v		

				<p>Мазмұны: ет өңдеу кәсіпорындарында сойылған жануарларды дайындау, тасымалдау, қабылдау, күтіп-бағу және сою алдындағы дайындау кезінде оларға ветеринариялық қызмет көрсету қағидалары; ет өңдеу кәсіпорындарының құрылымы, сойылған жануарларды қайта өңдеу технологиясы мен гигиенасының негіздері; сау жануарлардың, сондай-ақ инфекциялық, инвазиялық және жұқпалы емес аурулармен ауыратын малдардың ағзалары Мен өлекселерін союдан кейінгі санэкспертизалауды ұйымдастыру және әдістемесі.</p>														
79	КП	ЖК	Ветеринариялық санитариялық сараптау II	<p>Мақсаты: сүт, сүт өнімдері, жұмыртқа, балық, бал, көкөніс пен жеміс, өңдеудің технологиясы мен гигиенасын негізге ала отырып экспортталған және импортталған малды мал өнімдері мен шикізаттарды ветеринариялық санитарлық бақылау мен оларды сараптау әдістерін үйрету.</p> <p>Мазмұны: жануарлардан алынатын шикізаттың, сүттің, сүт өнімдерінің, жұмыртқаның, балық пен балдың технологиясы мен ветеринариялық-санитариялық сараптамасының негіздері; өсімдік өнімдерінің ветеринариялық-санитариялық сараптамасы; жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың импорты кезіндегі ветеринариялық-санитариялық бақылау және сараптама;</p>	5					v					v	v		

83		БП	ТК	Экспортқа жіберілетін малдардың биологиялық қауіпсіздігі	<p>Мақсаты. Студенттердің экспортқа жіберілетін малдардың биологиялық қауіпсіздігін және мал ауруларын зерттеу, аурудың себептері, клиникалық белгілері, аурудың патологиялық өзгерістерін меңгеру, диагностикалаудың заманауи жабдықтарын, жаңа вакциналарды, дәрмектерді қолдана отырып, аурудың диагностикасын, алдын-алуды және емдеу әдістерін білу туралы тұтас білім беру.</p> <p>Мазмұны: Экспортқа жіберілетін малдардың биологиялық қауіпсіздігі. Қазақстан Республикасы “Ветеринария туралы” заңының талаптары, қағидалары. Биологиялық қауіпсіздік саласындағы талаптардың сақталуын мемлекеттік бақылау, қадағалау. Қазақстан Республикасы аумағын басқа мемлекеттерден жануарлардың жұқпалы және экзотикалық аурулардың әкеленуі мен таралуынан қорғау. Карантин белгіленетін аурулардың алдын алу және күресу шараларын іске асыру.</p>	4										v	v	v
84	Қорытынды аттестаттау модулі	КП	ЖК	Диплом алды немесе өндірістік практика	Теориялық оқу үрдісінде студенттік қалыптасқан білімі мен іскерлігін тереңдете білу және бекіту; қажетті кәсіптік іскерлік пен икемділігін жетілдіру және алу; диплом жазу үшін зерттеу жұмысын жүргізді; оқып жатқан мамандық бойынша тәжірибелік жұмысын бастапқы	10					v				v			v

5.БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МОДУЛЬДЕРІ БӨЛІНІСІНДЕ ИГЕРІЛГЕН КРЕДИТТЕРДІҢ КӨЛЕМІН КӨРСЕТЕТІН ЖИЫНТЫҚ КЕСТЕСІ

Оқыту курсы	Семестр	Меңгерілген модульдер саны	Оқытылатын пәндер саны			KZ кредиттер саны					Барлығы сағатпен	Барлығы кредит KZ	Саны	
			МК	ЖК	ТК	Теориялық оқыту	Денсаушыны қыту	Оқу практикасы	Өндірістік практика	Қорытынды аттестация			емтихан	Сараланған сынақ
1	1	4	4	1	1	28	2				900	30	5	1
	2	3	2	1	3	27	2	1			900	30	6	2
2	3	5	1	3	4	28	2				900	30	5	1
	4	6	2	3	2	25	2		3		900	30	6	2
3	5	3	-	4	2	30					900	30	6	-
	6	3	-	3	2	27			3		900	30	3	1
4	7	4	-	4	2	27			3		900	30	6	1
	8	4	-	5	1	26			4		900	30	6	1
5	9	2	-	3	1	20					600	21	5	-
	10	3	-	-	4	20					600	21	5	-
	11	1	-	-	-	-			10	8	600	18	-	1
барлығы	32	9	28	21	266	8	1	21	12	9000	300	53	10	

6. Оқыту стратегиясы мен әдістері, бақылау және бағалау.

<p>Оқыту стратегиялары</p>	<p>Студентке бағытталған білім беру: білім алушы оқытудың/үйретудің орталығы және оқыту мен шешім қабылдау үрдісінің белсенді қатысушысы. Тәжірбиеге бағытталған білім беру: тәжірбиелік дағдыларды дамытуға бағыттылық</p>
<p>Оқыту әдістері</p>	<p>Дәрістер, семинарлар, түрлі практикалар өткізу: * инновациялық технологияларды қолдану; * проблемалық оқыту; * кейс-стади; * топта және креативті топта жұмыс істеу; * пікірталастар мен диалогтар, зияткерлік ойындар, олимпиадалар, викториналар; * жобалар, бенчмаркинг; • презентациялар; * ақпараттық дереккөздерді ұтымды және креативті пайдалану • : * мультимедиялық оқыту бағдарламалары; * электрондық оқулықтар; * сандық ресурстар. Студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру, жеке кеңес беру.</p>
<p>Оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді бақылау және бағалау</p>	<p>Ағымдағы бақылау пәннің әрбір тақырыбынан аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтарда білімді бақылау бойынша жүргізіледі (силлабусқа сәйкес). Бағалау формалары: сабақтардағы сұрау; оқу пәні бойынша тестілеу; бақылау жұмыстары; өзіндік шығарамышылық жұмысты қорғау; дискуссиялар; тренингтер; коллоквиумдар; эссе жазу т.б Аралық бақылау бір оқу пәні бойынша тек бір академиялық кезеңде екі реттен кем емес өткізіледі. Аралық аттестация академиялық күнтізбеге сәйкес, оқу жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі. Өткізу формалары: тестілеу формасындағы емтихандар; ауызша емтихандар; жазбаша емтихандар; комбинирленген емтихандар; жобаларды қорғау; тәжірбие бойынша есептерді қабылдау. Қорытынды мемлекеттік аттестациялау</p>

ББ ОҚУ-РЕСУРСТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Ақпараттық ресурстық орталық	<p>Або құрылымында 6 абонемент, 16 оқу залы, 2 электрондық ресурстық орталық (АРО) бар. Або желілік инфрақұрылымының негізін Интернетке шығатын 180 компьютер, 110 автоматтандырылған жұмыс орны, 6 интерактивті тақта, 2 бейнесабак, 1 бейнеконференц байланыс жүйесі, А-4, 3 форматындағы 3 сканер құрайды. "ИРБИС – 64" або-АИБС MSWindows бағдарламалық жасақтамасы (6 модульден тұратын базалық жинақ), ИРБИС жүйесінде үздіксіз жұмыс істеуге арналған автономды сервер.</p> <p>Кітапхана қоры сайтта пайдаланушылар үшін қолжетімді электронды каталогта көрсетілген http://lib.ukgu.kz on-line режимінде 24 сағат аптасына 7 күн.</p> <p>Өзіндік генерацияның тақырыптық мәліметтер базасы құрылған: "Almamater", "ОҚМУ ғалымдарының еңбектері", "Электрондық мұрағат".Сыртқы сілтеме арқылы 24/7 режимінде кез келген құрылғыдан Онлайн қол жеткізу http://articles.ukgu.kz/ru/ppp.</p> <p>Электронды түрде каталогтармен жұмыс. ЭК 9 деректер базасынан тұрады: "Кітаптар", "Мақалалар", "мерзімді басылымдар", "ОҚМУ ПОҚ еңбектері", "сирек кітаптар", "электрондық қор", "ОҚМУ баспасөзде", "оқырмандар ", "ОҚО".</p> <p>Або өз пайдаланушыларына Жеке электрондық ақпараттық ресурстарға қол жеткізудің 3 нұсқасын ұсынады: або каталогтар залы мен бөлімшелеріндегі "электрондық каталог" терминалдарынан; факультеттер мен кафедралар үшін университеттің ақпараттық желісі арқылы; кітапхананың web-сайтында қашықтықтан режимде http://lib.ukgu.kz/.</p> <p>Халықаралық және республикалық ресурстарға ашық: "SpringerLink", "Өкілетті өкіл", "Web of Science", "EBSCO", "Эпиграф", ашық қолжетімділіктегі ғылыми журналдардың электрондық нұсқаларына, "Заң", "РМЭБ", "Әдебиет", "Акпигресс", "Smart-kitar" цифрлық кітапханаларына, "kitar.KZ" және т.</p> <p>Або-да ерекше қажеттіліктері бар және мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін кітапхана сайты көру қабілеті нашар пайдаланушылардың жұмысына бейімделген</p>
Материалды техникалық база	<p>дәрістік дәрісханалар-4: зертханалық сабақтарға арналған дәрісханалар-7; практикалық сабақтарға арналған дәрісханалар-4; компьютерлік сынып-4: Интерактивті тақта - 4</p> <p>Оқу-қосымша жайлар:</p> <p>Түркістан облысы, Түлкібас ауданы, Жаскешу ауылындағы "Жаскешу" агроөндірістік кешені; ҚР АШМ ветеринарлық бақылау және қадағалау комитеті «РВЗ» республикалық мемлекеттік кәсіпорын, Оңтүстік Қазақстан өңірлік филиалы; ЖШС «Нұр-Ай 5», «Аналитикалық химия» зертханасы, «Физикалық химия» зертханасы</p>

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

«БВ09111 –Ветеринарлық медицина» білім беру бағдарламасы

АкМЖД директоры  А.С.Наукенова

АҒД директоры  Ү.Б.Назарбек

КжКД директоры  Т.С.Бажиров

Ф.7.02-09

Шымкент қаласы, М.Әуезов атындағы ОҚУ университетінің «6B09111 –Ветеринарлық медицина» білім беру бағдарламасына

ПКІР

Құзыреттілік тәсіліне негізделген рецензияланған білім беру бағдарламасы бір жағынан, еңбек нарығындағы өзгермелі жағдайға тез бейімделе алатын, кәсіпке дейінгі және мансаптық өсуді жалғастыра алатын білікті ветеринарларды қалыптастыруға бағытталған, олардың біліктілігін арттыру, екінші жағынан, өмір бойы оқытудың заманауи талаптарына сәйкес келеді. Бұл құзыреттілікке негізделген тәсіл әрбір студентке өзінің кәсіби өсуі мен мансабын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Нәтижесінде жұмыс беруші түлектің біліміне қанағаттанатын болады, ал түлек еңбек нарығындағы өзгерістерге жауап бере отырып, өзінің өмірлік білім беру траекториясын жетілдіре алады. Білім беру бағдарламасының артықшылықтарының бірі - жұмыс берушілердің пәндерді қалыптастырудағы талаптарын, профиль циклінің траекториясын ескеру.

Білім беру бағдарламасы келесі компоненттерден тұрады.

- 1 білім беру бағдарламасының атауы
- 2 білім беру бағдарламасының паспорты
- 3 пән бойынша оқытудың нәтижесі

4 білім беру бағдарламасының мазмұны әр модуль бойынша қалыптасқан құзыреттіліктерді, академиялық кредиттердің көлемін, оқу мерзімін, модульдің құрамдас бөліктерін көрсететін модуль түрлері шеңберінде оқу мерзімі академиялық кредиттер

5 модульдер аясында пәндердің компотенттілігін көрсететін компотенттіктің картасы

6 білім беру бағдарламасының модульдері аясында берілген несие көлемін көрсететін жиынтық кесте

Білім беру бағдарламасының мазмұны икемді және жұмыс берушілердің сұранысы бойынша ветеринария мамандарын саралап оқытуға мүмкіндік береді.

Сонымен бірге, кейбір БББ пәндерін ХЭБ талаптарына сәйкес бейімдеу, сондай-ақ ғылыми-өндірістік орталықтарды, кәсіпорынды және өндірістік тәжірибеден өту базасын пайдаланып далалық зерттеулер базасын кеңейту қажет болады.

Жалпы, Аграрлық факультеттің «Ветеринарлық медицина» кафедрасы 6B09111 – Ветеринарлық медицина бойынша жасаған білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасы жоғары білім берудің мемлекеттік жалпы білім беру стандартының негізгі талаптарына сәйкес келеді, білім беру бағдарламасында жалпы мәдени және кәсіби құзыреттіліктің қалыптасуына ықпал етеді.

ҚР АШМ ветеринарлық бақылау және қадағалау комитеті «РВЗ» республикалық мемлекеттік кәсіпорын, Оңтүстік Қазақстан өңірлік филиал директорының орынбасары

Шымкент қалалық МКК «Ветеринарлық қызмет» директоры м.а.:



Қалтаев А.Ж.

10.02.2023 м.



Мергенбоев Ж.Б.

10.02.2023 м.

Сараптамалық қорытынды

Оқу бағдарламасының өзектілігі ветеринария саласын бітірушілер БББ 6В09111 – Ветеринарлық медицина бойынша бітіріп шыққан кезде ветеринарлық іс-шараларда технологиялық ұйымдастыру жұмысын табысты жүргізуді, оның ішінде ауру малдармен құстарды клиникалық және лабораториялық зерттеулерден өткізуді, әртүрлі жұқпалы емес жұқпалы ауруларды, жануарлар, балық және құстардың улануын лабораториялық және клиникалық балаулар жасап, мал өнімдеріне ветеринарлық-санитарлық сараптама жүргізіп, барлық жануарларға емдеу шараларын қолданып Қазақстан Республикасының аумағында ветеринарлық заңнамалардың қатаң сақталуын қадағалауды толық меңгеріп шығады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық бітірушілердің ең негізгі немесе басты кәсіптік ветеринарлық міндеттеріне мал шарушылығын қарқынды дамыту үшін және оларды өндірістік мал өнімдерін мейлінше молырақ өндіру үшін, ол өнімдердің ветеринарлық-санитарлық жағынан таза соның арқасында тұтынушылардың денсаулығының мықты болуын әр түрлі жануарлармен адамдарға ортақ аурулардан сақтандыруды қамтамыздандыру. Мал ауруларын болдырмауға қолданыстағы биопрепараттарды, медикаменттерді өндірумен қолданудың ветеринарлық-санитариялық ерекшелерді сақтау болып табылады.

Оқу бағдарламасының қалыптасқан мақсатына сәйкес университеттің миссиясымен үйлесімділігі, жұмыс берушілердің талаптарына және студенттердің талаптарын ескере отырып, жануарлардың жұқпалы, ішкі жұқпалы емес ауруларын, сол сияқты құстар мен балықтардың ауруларын және антропоноздық ауруларының алдын алу және аурудың таралмауын қамтамасыздандыруды; малдәрігерлік персоналдармен басқа да малшаруашылығы мамандарымен жұмысшылардың, құс шаруашылығымен балық шаруашылығының мамандарының жауапкершілігін бақылауды оқыту, лабораториялық зерттеу жұмыстарын, клиникалық зерттеулерді уақтылы жүргізуді, сонымен бірге малдардың құстармен балықтың жұқпалы инвазиялық және ішкі жұқпалы емес ауруларын балауда экологияның, аурудың патогенезіне клиникасын зерттеу арқылы балау жүргізу, сонымен бірге жаңа ветеринарлық емдеу кешенін (станциясын) ветеринарлық диагностикалық сараптау лабораториясын, тамақтану, ет-сүт объектілерін сату орындарын, сауда кешендерін ветеринарлық дәріхана мал қораларын салу. Ғылыми-зерттеу мәселелері бойынша ғылыми-зерттеулер жүргізу. Эксперименттік тәжірбиелер өткізіп жаңа иновациялық әдістерді қолданысқа енгізу. Білім беру (педагогикалық) қызметтерінде орташа білім ордаларында кәсіби мамандығына сәйкес білім беру.

Оқу бағдарламасының көрсеткіштерімен нәтижелері және компетенциялары Дублин дескрипторлық негізінде кәсіптік стандарттарда бекітілген саналық шеңберінде БББ 6В09111- Ветеринарлық медицина бойынша барлық шаруашылықпен айналысатын субъектілер, оның ішінде транспорт, цирктер, ипподромдар, малдарды асылдандыру орталықтарды, ветеринарлық емдеу мекемелері, ветеринарлық дәріханалар, лабораториялар, зообақтар, ет комбинаттары, биокомбинаттары және басқада мал өнімдерін сатумен айналысатын мекемелер. Мемлекеттің ветеринарлық мекемелер ғылыми-зерттеу институттары және ветеринарлық мамандығы бойынша білім беру мекемелері жатады.

Сонымен жоғарыда келтірілген мәселелерді ескере отырып, 6В09111 - Ветеринарлық медицина БББ бойынша бітіруші студенттер контингенттерін көбейтуді

Ф.7.02-09

және оларды білім беру бағдарламасымен оқытуды қамтамасыз етуді ұсынамыз, сол үшін осы қорытынды сараптаманы береміз.

Сараптама комиссиясының төрағасы
«Аграрлық» факультеттің деканы, б.ғ.к.,



Елибаева Г.И.

Сараптама комиссиясының мүшелері:

«Ветеринарлық медицина» кафедрасының
доценті, в.ғ.к.



Жанбырбаев М.

«Өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы»
кафедрасының аға оқытушысы, а.ш.ғ.к.



Файзуллаева Л.А.

Кәсіби стандарт

Кәсіби стандарттың атауы	Құстарды өсіру
Секция атауы, бөлімі, тобы, класы және ішкі класы ОКЭД бойынша	<p>А Ауыл, орман және балық шаруашылығы</p> <p>01 Осы салаларда өсімдік және мал шаруашылығы, аң аулау және қызмет көрсету</p> <p>01.4 Мал шаруашылығы</p> <p>01.47 Ауылшаруашылық құстарын өсіру</p> <p>01.47.1 Құс шаруашылығы ет, асыл тұқымды құс және шөжелер</p> <p>01.47.2 Жұмыртқа өндіру</p> <p>01.47.3 Ет жұмыртқа өндіру</p> <p>01.47.4 Инкубациялық-құс шаруашылығы станцияларының қызметі</p> <p>Т Үй қызметшісін жалдайтын үй шаруашылықтарының қызметі; үй шаруашылықтарының өз тұтынуы үшін тауарлар мен қызметтерді өндіру жөніндегі қызметі</p> <p>75.0 Ветеринариялық қызмет</p> <p>75.00 Ветеринариялық қызмет</p> <p>75.00.0 Ветеринариялық қызмет</p>